

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

14 ақпан 2018 жыл

### **KASE ең белсенді Биржа мүшелерін, листингтік компанияларды және БАҚ өкілдерін 2017 жыл нәтижелері бойынша марапаттауын өткізді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2018 жылдың 14 ақпанында 2017 жылдың нәтижелері бойынша ең көзге түскен, өз қызметінің айқындығына ұмтылысын көрсеткен, Биржа мүшелерін, листингтік компанияларды, сондай-ақ, Қазақстанның қор нарығын және 2017 жылдағы KASE қызметі туралы ақпаратты белсенді көпшілікке таратқан, бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) өкілдерін марапаттау рәсімін өткізді.

KASE осындай процедураны жыл сайын өткізіп, әдеттегідей, номинанттарға қойылатын талаптарды жетілдіріп отырады.

#### **KASE мүшелері**

Биржа мүшелерінің арасында "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайынғы марапаттау ережелері" атты KASE ішкі құжатымен қарастырылған, номинацияларының жеңімпазы болып келесілер анықталды.

**"Акциялар нарығының көшбасшылары"** номинациясында **"Фридом Финанс" АҚ** атанды, Биржаның басқа мүшелерін белсенділік көрсеткішінің мәні<sup>1</sup> бойынша басып озған, акциялар нарығының ең белсенді қатысушысы. Бұл компания KASE сауда-саттық жүйесінде акциялармен жасалған мәмілелердің ең үлкен көлемі мен санымен, мәмілелерге тартылған инвесторлардың шоттарының ең көп санымен, есептік жылда нәтижелі күндердің ең көп санымен көзге түсті.

**"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы"** номинациясында белсенді жұмысы мен корпоративтік облигациялармен жасалған нарықтық мәмілелердің ең үлкен көлемі үшін **"Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ** жеңімпаз атанды.

**"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" АҚ** номинациясында **"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ** жеңімпаз болды, белсенділік көрсеткішінің мәні бойынша осы сектордағы ең белсенді қатысушы болды.

**"Акциялар нарығындағы жыл андеррайтері"** номинациясында **"SkyBridge Invest" АҚ** акцияларды орналастырудағы және пәкетін сатуда ең үлкен көлемдерге қолжеткізгені үшін жеңіп шықты. Осы операциялардың жалпы сомасы 130,8 млрд теңгеге немесе KASE акциялар нарығының 2017 жылдағы жалпы көлемінен 48,5% құрады. "SkyBridge Invest" АҚ "АК Алтыналмас" АҚ, "ЗА-БэстГрупп" АҚ, "Каспий мұнай" АҚ және "Шұбаркөл Премиум" АҚ үшін андеррайтинг міндеттерін атқарды.

**"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл андеррайтері"** номинанты болып **"Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ** мойындалды, ол

<sup>1</sup> Белсенділік көрсеткіші  $K_a$  есептеу тәртібі ""Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділік көрсеткішін есептеу әдістемесі" атты ішкі құжатында анықталған.

2017 жылы жалпы сомасы 137,3 млрд теңге борыштық бағалы қағаздардың ең көп санын орналастырды.

**"Акциялар нарығындағы жыл маркет-мейкері"** номинациясында награждено **АО "Фридом Финанс"**, как член KASE с самым большим количеством наименований акций, по которым он является маркет-мейкером (всего 10 инструментов).

**"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл маркет-мейкері"** номинациясында екі қатысушының марапаттау туралы шешім қабылданды, олар – **"Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ** және **"Халық банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ**. Бұл компаниялардың көрсеткіштері бір-біріне тен жақын. Мысалы "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ маркет-мейкері болған, "Казкоммерцбанк" АҚ халықаралық облигацияларымен (сауда-саттық коды BTASe16) жасалған мәмілелердің ақшалай көрсетілген көлемінің ең көп үлесімен, ал "Haluk Finance" АҚ облигациялық шығарылымдардың ең көп саны (31 шығарылым) маркет-мейкері болды. Компаниялардың екеуі де маркет-мейкері болған, облигациялармен жасалған мәмілелердің, оларды баға белгілеулері бойынша, ең көп санымен көзге түсті.

**"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын жағы жыл маркет-мейкері"** номинациясында, нарықтың осы сегментінде сауда-саттыққа белсенді қатысқаны үшін марапаттауға параметрлердің жеткіліксіздігіне байланысты, **дипломдар бермеу** туралы шешім қабылданды.

**"Инвесторларды тартуға қосқан елеулі үлесі үшін"** дипломымен **"Фридом Финанс" АҚ** марапатталды, "Астана Банкі" АҚ қаржылық кеңесшісі және жай акцияларының орналастыру андеррайтері мен маркет-мейкері болып, IPO өткізгенде эмитентпен және оның инвесторларымен қаржылық тәуекелдерді бөлісіп, сондай-ақ қор нарығы туралы тұрғындардың ақпараттандырылуын арттыруға бағытталған, бағдарламалардың белсенді қатысушысы болып табылды (жыл барысында "Фридом Финанс" АҚ өкілдері, соның ішінде Биржамен ынтымақтастықта, Қазақстан аймақтарында бөлшек инвесторлар үшін ұйымдастырылған көшпелі іс-шараларға белсенді қатысты).

Сондай-ақ, **"Фридом Финанс" АҚ "Деривативтер нарығын дамыту үшін"** номинациясында марапатталды. Осы KASE мүшесінің фьючерстер нарығындағы мәмілелердің жалпы санындағы үлесі деривативтердің брутто-айналымынынан 50 % құрады.

#### **KASE листингілік компаниялары**

**"Айқындыққа ұмтылысы үшін"** дипломдарымен Биржа 2017 жылы, инвесторларға өзі және өз қызметі туралы ең ашық, уақытылы және толық ақпараттарды ұсынған, келесі листингілік компаниялар марапатталды:

- экономиканың қаржы секторындағы компаниялар арасынан: **"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ;**
- экономиканың қаржылық емес секторындағы компаниялар арасынан: **"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ, "ҚазТрансОйл" АҚ.**

Дәл осы номинанттар ақпараттар ашу бойынша KASE барлық талаптарын орындаумен қоса, Биржаға өз қызметі туралы неғұрлым толығырақ ақпарат беруге ұмтылды.

#### **БАҚ өкілдері**

KASE 2017 жылы Қазақстанның қор нарығын және KASE қызметін белсенді жұртшылыққа таныстырған, БАҚ өкілдерін де марапаттады. Осы БАҚ өкілдері материалдарды түсінікті әрі қызықты формада ұсынуда ең жоғарғы кәсіби деңгейін көрсетіп, салыстырмалы ақпаратты статистикалық және талдамашылық мәліметтерді қолдану арқылы тақырыптың мазмұндауының көкейкестілігі мен негізделгенімен көзге түсті.

**"Басылымды БАҚ ең үздік мақала"** номинациясында диплом **Александр Воротиловқа** ("Forbes Казахстан" журналы) ұсынылды.

**"Интернет-ресурстардағы ең үздік материал"** номинациясында **Валентина Владимирская** ("Интерфакс-Казахстан" Ақпараттық агенттік) дипломмен марапатталды

**"Ең үздік телесюжет"** номинациясында **Виктория Кучма** ("Atameken Business Channel" телеарнасы) марапатталды

#### **Анықтама үшін**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)